

Мемлекеттік мекемелердің және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік есептілікті жасау мен ұсынудың ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 27 ақпандағы N 89 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 27 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5612 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 324 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 324 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 124-бабына және "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік мекемелердің және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік есептілікті жасау мен ұсынудың ережесі б е к і т і л с і н .

2. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті (Ә.Н. Түсіпбеков) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми бұқаралық ақпарат құралдарында кейінгі жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Министр

Б. Жәмішев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 7

а қ п а н д а ғ ы

N

8 9

б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

Мемлекеттік мекемелер және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік есептілікті жасау мен ұсынудың ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережемен пайдаланушыларға көрсету мақсатында республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жылдық, тоқсандық ай сайынғы бюджеттік есептілігінің нысандары, кезеңділігі, мерзімі және жасалу мен ұсынылу тәртібі белгіленеді.

2. Республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері осы Ережеде белгіленген көлемде және нысандар бойынша жылдық, тоқсандық, ай сайынғы есептер ж а с а й д ы .

3. Бюджеттік есептілікті жасау кезінде мынадай талаптар сақталуы тиіс: есепті кезеңдегі барлық операциялар көрсеткіштерінің толықтығы және р а с т ы ғ ы ;

есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі синтетикалық есеп шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтардың талдамалы есебі деректерінің, сондай-ақ синтетикалық және талдамалы есеп деректерінің есеп пен баланс деректерімен т е п е - т е ң д і г і ;

көрсеткіштердің толтырылу ұқыптылығы және өшіріп жазу мен түзетулерді жібермеу. Қателерді түзеткен жағдайда, түзету күнін көрсете отырып, бюджеттік есептілікке қол қойған тұлғаның растауымен тиісті жазбалар жасалады.

4. Есептердің нысандары онда көзделген көрсеткіштерге толықтай сәйкестендіріліп толтырылады. Бекітілген есеп нысандарында көрсеткіштерді және олардың кодтарын өзгертуіне немесе оларға қосымша көрсеткіштер е н г і з у г е б о л м а й д ы .

Ағымдағы есепті кезеңге, сонымен бірге өткен кезеңге жататын (оларды бекіткеннен кейін) есептілік деректерінің өзгеруі деректердің алшақтығы байқалған кезеңде жасалған бюджеттік есептілікте жүргізіледі.

5. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің бюджеттік есептілігіне өзгерістер енгізген жағдайда, республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік есептілігіне өзгерістер енгізілген ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге басшы мен бас бухгалтердің қолдарымен өзгерістер енгізу себептерін көрсете отырып, енгізілген өзгерістер туралы жазбаша х а б а р л а м а ж і б е р е д і .

Мемлекеттік мекеме бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің енгізген өзгерістеріне сәйкес өзінің бюджеттік есептілігінің данасына бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жазбаша хабарламасын алған сәттен бастап 10 күн і ш і н д е өзгерістер е н г і з е д і .

Мемлекеттік мекеменің бюджеттік есептілігіне түзетулер осы Ереженің 3-тармағымен белгіленген түзетулер енгізу тәртібін міндетті түрде сақтай отырып,

ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер есепті қарау нәтижелері бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жазбаша хабарламасы негізінде ғана енгізіледі.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жиынтық есебіне өзгерістер енгізген жағдайда, бюджеттік есептілікке соңғы түзетулер ұқсас тәртіппен енгізілуі керек.

Бюджеттік есептілікке түзетулер енгізген республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері өздері бұрын Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне берген есептің данасына тиісті өзгерістерді енгізуі қажет.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2013 № 267 (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); 11.11.2013 № 520 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

6. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің бюджеттік есептілігіне өзгерістер енгізген жағдайда, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік есептілігіне өзгерістер енгізілген ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге өзгерістер енгізу себебі көрсетіліп, басшы мен бас бухгалтердің қолы қойылып енгізілген өзгерістер туралы жазбаша хабарламаны жібереді.

Мемлекеттік мекеме жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері енгізген өзгерістерге сәйкес өзіндегі есептің данасына өзгерістер енгізеді.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жиынтық есебіне өзгерістер енгізген жағдайда, бюджеттік есептілікке соңғы түзетулер ұқсас тәртіппен енгізілуі керек.

7. Нысандардың мекен-жай бөлігі мынадай тәртіпте толтырылады:

"Функциялық топ" деректемесі - Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасынан функционалдық тобының атауы мен коды;

"Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі" деректемесі - Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасынан функционалдық тобының атауы мен коды;

"Бюджеттік бағдарлама" деректемесі - бюджеттік бағдарламаның атауы мен коды;

"Кіші бағдарлама" деректемесі - кіші бағдарламаның атауы мен коды;

"Мемлекеттік мекеменің атауы" деректемесі - Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің анықтамалығына сәйкес мемлекеттік мекеменің атауы және оның коды;

"Кезеңділігі" деректемесі – бюджеттік есептілік кезеңі көрсетіледі;
«Өлшем бірлігі» деректемесі – мемлекеттік мекемелердің және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің есептерінде мың теңгеде;

"ҚҰЖЖ" коды - Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші ретінде Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің 1999 жылғы 5 шілдедегі N 10 қаулысымен бекітілген және күшіне енгізілген Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеуішіне сәйкес мемлекеттік мекеменің коды көрсетіледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2012.11.13 № 489 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз), 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жылдық бюджеттік есептілік есептіліктен кейінгі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі күнтізбелік кезеңге ж а с а л а д ы .

Тоқсандық есептілік ағымдағы қаржылық жылғы 1 шілдедегі және 1 қазандағы жағдай бойынша жасалады.

Айлық бюджеттік есептілік есептіліктен кейінгі айдың 1-не жасалады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Бюджеттік есептілікті ұсыну мерзімін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін - бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар белгілейді. Мемлекеттік мекемелер бюджеттік есептілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері белгілеген және олар бюджеттік есептілікті ұсынған күнге дейін мемлекеттік мекемелердің назарына жеткізген мерзімде ұ с ы н а д ы .

Мемлекеттік мекемелердің және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік есептілігі электронды түрде және қағаз тасығышта беттері нөмірленіп және мазмұнымен ұсынылады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік есептілікті тиісті бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік есептілікті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджетті атқару жөніндегі ақпарат жүйесі арқылы ұсынады (бұдан әрі - АЖ). Есеп берілген күн оны АЖ арқылы берген күн болып есептеледі.

Бюджеттік есептілікті ұсыну күні почта кәсіпорнының мөртабанында белгіленген күн болып табылатын, басқа елді мекендерде тұрған мемлекеттік мекемелерді қоспағанда мемлекеттік мекеме үшін есептілікті ұсыну күні оны тиістілігі бойынша нақты берген күн есептеледі, бірақ бюджеттік есептілікті

ұсыну күнінен дейін бес күнтізбелік күннен кешіктірілмеуі керек.

Есептілікті ұсыну үшін белгіленген мерзім демалыс (жұмыс істемейтін) күнімен сәйкес келген жағдайда бюджеттік есептілік одан кейінгі бірінші жұмыс күні

ұсынылады.

Ескерту. 9-тармақ тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 10.06.2013 № 267 (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); 11.11.2013 № 520 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

10. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитетіне республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті дайындау үшін қажетті ақпаратты береді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2013 № 520 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Бюджеттік есептілікті жасаған кезде Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексін және осы Ережеде жазылған бюджеттік есептілік нысандарын толтыру тәртібін басшылыққа алу қажет.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Жылдық, тоқсандық және айлық бюджеттік есептіліктің көлемі

Ескерту. 2-бөлімнің атауы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынатын жылдық, тоқсандық және айлық бюджеттік есептіліктің көлеміне (осы Ережеге 1-қосымша) мынандай нысандар енгізіледі:

тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен түсімдер мен ақшаны жұмсау жоспарын орындау туралы есеп - № 4-б-нысан (осы Ережеге 5-қосымша);

тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуінен түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп-жиынтық N 4 нысан (осы Ережеге 6-қосымша);

демеушілік пен қайырымдылық көмектен түскен ақшаның түсімі мен жұмсалуды туралы есеп - 4-дк-нысан (осы Ережеге 8-қосымша);

шетел валютасындағы қаражаттың қозғалысы туралы есеп - N 4-в нысан (осы

Е р е ж е г е 9 - қ о с ы м ш а) ;

өкілдік шығындарға бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп - N 7-нысан (осы Ережеге 12-қосымша) ;

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне бөлінген өкілдік шығындарға арналған қаражаттардың пайдалануы туралы есеп - N 7-жиынтық нысаны (осы Ережеге 13-қосымша) ;

зейнетақыларды, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, арнайы мемлекеттік жәрдемақыларды, жерлеуге және басқа жәрдемақыларды төлеу туралы есеп- N 8-нысан-зт (осы Ережеге 14-қосымша) ;

шығыстар бойынша жиынтық есеп - N 4-20-нысан (осы Ережеге 23-қосымша) ;

КБ-Б (осы Ережеге 25-қосымша) кредиторлық берешегі туралы есеп;

КБ-Б (осы Ережеге 26-қосымша) кредиторлық берешегі туралы есеп;

ДБ-Б (осы Ережеге 27-қосымша) дебиторлық берешегі туралы есеп;

ДБ-Б (осы Ережеге 28-қосымша) дебиторлық берешегі туралы есеп.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 10.06.2013 № 267 (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); 11.11.2013 № 520 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

13. Жылдық және тоқсандық бюджеттік есептерге есепті кезеңде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстарын орындау жоспарына, сондай-ақ демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен қаражаттың түсімдері мен шығыстарына ықпал ететін негізгі факторларды жаза отырып ақпарат қоса беріледі.

Жылдық және тоқсандық есептерге ақпарат «Қаржы есептілігін жасаудың және ұсынудың нысаны мен ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 8 шілдедегі № 325 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6352 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада көрсетіледі (№ 5-нысан), бюджеттік есеп нысандары бойынша қысқаша жазылуы және мына бөлімдер бойынша: бюджеттік есептілік нысандары жөніндегі жалпы ережелер мен түсіндірмені қамтуы тиіс.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2013 № 267 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2013 № 520 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Жылдық және тоқсандық есептерге оларға ақпараттарымен бірге

мемлекеттік мекеменің басшысы, бас бухгалтер немесе бөлімшені басқаратын, мемлекеттік мекемеде бухгалтерлік есепке алуды жүргізуді қамтамасыз ететін адам қол қояды.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жиынтық бюджеттік есептілігіне бірінші қол қою құқығына осы органның басшысы немесе оны ауыстыратын адам, екінші қол қоюға – бас бухгалтер ие.

Ұсынылатын бюджеттік есептіліктің барлық нысандарында басшы мен бас бухгалтердің қолдарының жанында міндетті түрде қолдардың ашып жазылуы (тегі мен аты-жөні) болуы тиіс.

Бұдан басқа, АЖ арқылы есептілікті ұсынатын республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қоспағанда, бюджеттік есептілікке бірінші және екінші қол қою құқығы туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2013 № 267 (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

15. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2013 № 520 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16. Нысаналы трансферттерді алатын облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер алынған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне тоқсан сайын іс жүзіндегі шығыстар туралы ақпаратпен бірге № 4-20 «Шығыстар бойынша жиынтық есеп» нысанды ұсынады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2013 № 520 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. Жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшілігі сыртқы қарыздар бойынша бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға және сыртқы қарыз есебінен нысаналы трансферттер алынған республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісіне есепті кезеңнен кейінгі айдың 3 күні N 11-а нысаны бойынша ай сайын Есеп береді (осы ережеге 29-қосымша). Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган N 11-а нысаны бойынша сыртқы қарыздар жөнінде есепті қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне айдың 5 күні беріледі.

044-жол бойынша республикалық бюджеттен жыл басынан бастап түскен сыртқы қарыздар есебінен нысаналы трансферттер сомасы көрсетіледі – барлығы біріңғай бюджет сыныптаушының кіріс кодтары бойынша; 050 жол бойынша – жыл басынан бастап жұмсалған қаражат сомасы – барлығы (оның ішінде ерекшеліктер бойынша).

Қазынашылықтың аумақтық бөлімшесі және бюджетті атқару жөнінде жергілікті уәкілетті орган N 11-а нысаны бойынша сыртқы қарыздар жөнінде есептен алынған деректерді тиісті бюджеттің атқарылуы туралы есепте көрсетеді

N 11-а нысан айлық есептілік болып табылады.

18. Республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын ішкі істер аумақтық органдары бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат бойынша бюджеттік есептілікті нысандардың толық көлемінде, ал республикалық бюджеттен бөлінген қаражат бойынша – республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне ұсынады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2013 № 267 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

19. Ескерту. 19-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Бір бағыныстан екінші бағынысқа берілетін мемлекеттік мекемелер жылдық есеп нысандарының көлемінде беру күні есеп жасайды және оны жоғары тұрған органға бұрынғы бойынша және жаңа бағыныс бойынша ұсынады

20-1. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2013 № 520 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21. Мемлекеттік мекемелер және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік есептілікті нысандардың толық көлемінде екі данада жасайды, оның біреуі мемлекеттік мекемелермен жоғары тұрған органға, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға жіберіледі. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерден және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар бюджеттік бағдарламалар әкімшілері есептілікті қабылдауы және тексеруі осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2013 № 267 (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 3-бөлімнің атауы алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Ескерту. 23-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Ескерту. 24-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Ағымдағы қаржы жылының бюджет түсімдерін есепке жазуға және бюджеттен төленентін төлемдерді жүзеге асыруға байланысты операциялардың барлығы ағымдағы қаржы жылының 31 жетоқсанында аяқталады.

Ағымдағы қаржы жылының 31 жетоқсанында аяқталғанға дейінгі қоса алғанда пайдаланылмаған жоспарлы мақсатқа арналған қалдықтар жойылады.

26. Мемлекеттік мекеменің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуінен түсетін өз билігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарының бекітілген жоспарының қолданысы ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанында тоқтатылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Ескерту. 27-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Ескерту. 28-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Ескерту. 29-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Ескерту. 30-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Ескерту. 31-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Ескерту. 32-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Ескерту. 33-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Ескерту. 34-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Ескерту. 35-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Жылдық, тоқсандық және айлық бюджеттік есептіліктің нысандарын толтыру тәртібі

Ескерту. 4-бөлімнің атауы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Ескерту. 36-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Ескерту. 37-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

- [illegible]

57. № 4-б-нысан бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есепті олардың билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері бар мемлекеттік мекемелер жасайды және ұсынады.

4-б-нысанда тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақша түсімдерінің бір түрі болған кезде оның билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуден түскен ақшаның түсімдері, нақты және кассалық шығыстары көрсетіледі.

«Жоспар бойынша бір жылға бекітілді» 4-бағаны бойынша - мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін өз билігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарының бекітілген жоспарының деректері көрсетіледі, олардың иелігіндегі «Жоспар бойынша жыл басынан бастап бекітілді» 5-бағаны бойынша - есепті күнге жоспар бойынша жыл басынан бастап бекітілген деректер көрсетіледі, 6-бағанда түсімдердің сомасы мен кассалық шығыстарын көрсеткен жөн, ал 7-бағанда жыл басынан бастап өспелі қорытындымен нақты шығыстар көрсетіледі.

«Кассалық шығыстар» 7-бағаны бойынша 010 және 170-жолдары бойынша есепті кезеңнің басында және соңында тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден алынатын қаражаттар қалдықтарының сомасы көрсетіледі.

Есепті кезеңнің 010-жолы өткен жылға арналған № 4-б-нысан есебінің 170-жолына сәйкес келуі тиіс.

020 жолы бойынша қайтарылған кірістердің сомаларын шегере отырып есепті кезеңге арналған өз билігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден мемлекеттік мекеме алатын ақша түсімдерінің сомасы көрсетіледі.

020-жолдың 6-бағаны қаржылық есептіліктің «Қаржыландыру көздері бойынша мемлекеттік мекеменің шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп» 3-нысаны 030-жолының 3-бағанына сәйкес келуі тиіс.

040 жолы бойынша 010, 020 жолдарының сомасы көрсетіледі.

050 жолы бойынша шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша шығыстарды кейіннен ашып жаза отырып мемлекеттік мекеменің өз билігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден алынған ақша шығыстарының жалпы сомасы, оның ішінде тиісті бюджеттің кірісіне енгізілген сома көрсетіледі.

051 жол бойынша тиісті бюджеттің кірісіне енгізілген сома көрсетіледі.

160 жол бойынша мемлекеттік мекеме есебінен қабылданған өндіріп алу үшін нақты емес дебиторлық берешек және материалдардың жетіспеушілігінің сомасы

к ө р с е т і л е д і .

№ 4-б-нысаны жартыжылдық және жылдық бюджеттік есептілік болып т а б ы л а д ы .

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2013 № 520 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

58. N 4-жиынтық нысан бойынша Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуден ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп осы Ережеде айқындалған Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын, өткізуден түсетін ақшасы өзінің иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелер тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесі сыныптауышына сәйкес (бұдан әрі – Ақылы қызметтер сыныптауышы) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бекітілген құрылым бойынша, тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) кодтары бойынша, сондай-ақ бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамаларының кодтарын есепке ала отырып қалыптастырылады.

№ 4-жиынтық-нысан бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есепті жиынтық түрде № 4-б-нысан бойынша Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есепте көрсетілген деректердің негізінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жасайды.

К і р і с б ө л і г і :

010 "Түсімдердің барлығы" деген жол бойынша өзіне қаржы жылының басындағы ақша қалдығын және ағымдағы жылдың түсімдер сомасын қамтитын түсімдердің жалпы сомасы көрсетіледі (011 жол қосу 012 жол);

011 "Қаржы жылының басындағы қаражат қалдығы" деген жол бойынша қаржы жылының басындағы ақша қалдығы көрсетіледі;

012 "Ағымдағы жылдың түсімдері" деген жол бойынша ағымдағы жыл түсімдерінің сомасы көрсетіледі.

Ш ы ғ ы с б ө л і г і :

11-бағанда 020 «Шығыстардың барлығы, оның ішінде ерекшеліктер бойынша» деген жол бойынша шығыстардың экономикалық сыныптамасының барлық ерекшеліктері бойынша кассалық шығыстардың жалпы сомасы, оның ішінде бюджетке аударылған сомалар 021-тармақта көрсетіледі;

021 "оның ішінде бюджеттің кірісіне аударылды" деген жол бойынша тиісті бюджеттің кірісіне аударылған сома көрсетіледі;

030 "Ағымдағы жылдың есепті кезеңінің соңындағы ақша қалдығы" деген жол бойынша ағымдағы жылдың есепті кезеңінің соңындағы ақша қалдығы

к ө р с е т і л е д і .

№ 4-жиынтық нысан жартыжылдық және жылдық бюджеттік есептілік болып табылады .

Ескерту. 58-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 10.06.2013 № 267 (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); 11.11.2013 № 520 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

59. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2013 № 520 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

60. N 4-дк нысан бойынша Демеушілік пен қайырымдылық көмектен ақшаның түсімі мен жұмсалуды туралы есепте мақсатқа сай пайдалану үшін демеушілік пен қайырымдылық көмектен ақшаның түсім қозғалысы көрсетіледі.

1 және 2-бағандарда мемлекеттік мекеме немесе бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды және атауы көрсетіледі.

3-бағанда ағымдағы қаржы жылының есепті кезеңіндегі ақша түсімінің сомасы жыл басынан бастап өспелі қорытындымен көрсетіледі.

4-бағанда қаржы жылының басындағы ақша қалдығы көрсетіледі. 3 және 4-бағандар арасындағы айырмашылық 3 «Қаржыландыру көздері бойынша мемлекеттік мекеменің шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп» нысанның 020-жолының 3-бағанына сәйкес келуі тиіс.

5 және 6-бағандарда бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің коды және атауы көрсетіледі.

7-бағанда ағымдағы қаржы жылының есепті кезеңінде жұмсалған ақша сомасы жыл басынан бастап өспелі қорытындымен көрсетіледі.

8-бағанда бюджет кірісіне аударылған сома көрсетіледі.

9-бағанда есепті кезеңде түскен және мақсатқа сай жұмсалған ақша айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің соңындағы ақша қалдығы көрсетіледі.

№ 4-дк нысан жартыжылдық және жылдық бюджеттік есептілік болып табылады .

Ескерту. 60-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2013 № 520 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

61. N 4-в нысан бойынша Шетел валютасындағы қаражат қозғалысы туралы есепті шетел валютасындағы қаражаты бар мемлекеттік мекемелер ұсынады.

010, 170-жолдар бойынша (1050 «Шетелдік валютадағы шот» қосалқы шотындағы қалдықтар) жылдың басындағы және есепті кезеңнің аяғындағы шетел валютасындағы қаражаттың қалдықтары көрсетіледі. Есепті жылдың

басындағы қалдықтар (010-жол) өткен жыл үшін жылдың аяғындағы есептің қалдықтарына (170-жол) теңдес болады.

020 жолы бойынша - шетел валютасындағы қаражат түсімдерінің сомасы.

021 жолы бойынша - бағамдық айырма.

030 жолы бойынша - айырбастау үшін түскен бюджет қаражаттарының сомасы.

040-жол бойынша - 010, 020, 021, 030.

050 жолы бойынша - осы жол бойынша шетел валютасындағы қаражаттың жұмсалған сомасы шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша шығыстарды кейіннен ашып жаза отырып кассалық шығыстар көрсетіледі.

140 жолы бойынша - бюджеттің кірісіне енгізілді.

141 жолы бойынша - өзге де аударымдар.

№ 4-в нысаны жартыжылдық және жылдық бюджеттік есептілік болып табылады.

Ескерту. 61-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.11.2013 № 520 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

62. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2013 № 520 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

63. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2013 № 520 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

64. N 7-нысан бойынша Өкілдік шығындарға бөлінген қаражатты пайдалану туралы есепті өкілдік шығындарға қаражат алған бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері береді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жасаған іс-шараларға сәйкес өкілдік шығындарға қаражат алған республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жиынтық түрде № 7-нысан бойынша Өкілдік шығындарға бөлінген қаражатты пайдалану туралы есепті Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ұсынады, ол Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне өкілдік шығындарға бөлінген қаражатты пайдалану туралы есепті № 7-жиынтық-нысан бойынша жылдық бюджеттік есептілік құрамында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Өкілдік шығындарға бөлінген қаражаттарды пайдалану туралы есепті N 7-нысан бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері белгіленген

тәртіппен бюджеттің атқарылуы жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдарға б е р е д і .

"Смета бойынша бекітілді" 3-бағанында іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге арналған шығыстардың сметасы бойынша бекітілген өкілдік шығыстардың сомасы көрсетіледі, "Төленген міндеттемелер" 4-бағанында төленген міндеттемелердің сомасы көрсетіледі, "Орындалмаған міндеттемелердің қалдығы" 5-бағанында орындалмаған міндеттемелердің қалдығы көрсетіледі. Бұдан басқа, берілген міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулардың анықтама сомасы көрсетіледі.

№ 7-нысан жартыжылдық және жылдық бюджеттік есептілік болып т а б ы л а д ы .

Ескерту. 64-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.11.2013 № 520 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) б ұ й р ы қ т а р ы м е н .

65. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Өкілдік шығындарға бөлінген қаражаттарды пайдалану туралы есепті N 7-нысан бойынша жиынтық түрде белгіленген тәртіппен бюджеттік есептілік құрамда бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға береді.

"Республикалық бюджетте көзделген өкілдік шығындардың сомасы" 1-бағанында республикалық бюджетте көзделген өкілдік шығындардың сомасы көрсетіледі, "Нормативтік құқықтық актіде көзделген сомасы" 5-бағанында нормативтік құқықтық актіде көзделген сомасы көрсетіледі, "Төленген міндеттемелер сомасы" 6-бағанында төленген міндеттемелер сомасы көрсетіледі, "жоспардың бөлінбеген сомасы" 7-бағанында жоспардың бөлінбеген сомасы (1-баған алу 5-баған) көрсетіледі.

N 7-жиынтық-нысан жылдық бюджеттік есептілік болып табылады.

66. N 8-зт-нысан бойынша Зейнетақыларды, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, арнайы мемлекеттік жәрдемақыларды, жерлеуге және басқа жәрдемақыларды төлеу туралы есеп есептің құрамында мыналарды білдіреді: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі - бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға; облыстық, Астана, Алматы қалаларының департаменттері (басқармалар), аудандық (қалалық) еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау бөлімдері - бюджеттің атқарылуы жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдар. 3-бағандағы есептің нысанында есепті кезеңнің басынан бастап республикалық бюджет немесе жергілікті бюджеттен алынған міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар бойынша сомасы көрсетіледі, 4-бағанда – "Мемлекеттік

зейнетақы төлеу жөніндегі орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның немесе оның филиалдарының (бұдан әрі - МЗТО) есеп айырысу шотына бюджет қаражатының түсуі, 5-бағанда - банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің лицензиясы бар екінші деңгейдегі банкке немесе ұйымға МЗТО төлем сомасымен сомаларды аудару көрсетіледі, 6-бағанда - Ұлттық банк алушылардың дербес шоттарына есептеген сомалар көрсетіледі.

1 және 4-жолдар бойынша жылдың басындағы және есепті кезеңнің аяғындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары көрсетіледі.

2-жол бойынша есепті кезеңде бөлінген, оның ішінде Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес төлемдердің түрлеріне бөле отырып, төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі.

3-жол бойынша 4 және 5-бағандарда Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қайтарылған және есепті кезеңде бюджеттің кірісіне есептелген сома көрсетіледі.

№ 8-зт-нысан жартыжылдық және жылдық бюджеттік есептілік болып табылады.

Ескерту. 66-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2013 № 520 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

67. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2013 № 267 (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Ескерту. 68-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2013 № 267 (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2013 № 267 (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Ескерту. 71-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Ескерту. 72-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Ескерту. 73-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Ескерту. 74-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75. № 4-20-нысан бойынша шығыстар жөніндегі жиынтық есепті мемлекеттік мекемелер қазынашылық органдарынан ай сайын алады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері № 4-20-нысан жөніндегі шығыстар бойынша қалыптасқан жиынтық есептерді ағымдағы қаржы жылының 1 шілдедегі және 1 қазандағы жағдайы бойынша есептіден кейінгі жылдың 1 қаңтарына АЖ арқылы ұсынылатын бюджеттік есептілік құрамында ж і б е р е д і .

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ағымдағы қаржы жылының 1 шілдедегі және 1 қазандағы, есептіден кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша № 4-20-нысан бойынша шығыстар жөніндегі қазынашылық органдарының жиынтық есебін алады, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолымен және елтаңбалы мөрдiң бедерімен растайды және оны бюджеттің атқарылуы жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органға б е р е д і .

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2013 № 267 (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Кредиторлық және дебиторлық берешегі туралы есепті жасау және беру тәртібі

76. Есептердегі кредиторлық және дебиторлық берешек өткен жылдардың берешегі мен ағымдағы жылдың берешегіне бөлінеді.

Өткен жылдардың берешегі – ағымдағы жылдың алдындағы жылы құрылған мемлекеттік мекеменің берешегі.

Кредиторлық берешек туралы есептерде ағымдағы жылдың басындағы өткен жылдар берешегінің жағдайы және ағымдағы жылдың бөлігінде ол өтелген жағдайда есепті кезеңдегі осы берешектің қалдығы тіркеледі.

Дебиторлық берешек туралы есептерде ағымдағы жылдың басындағы өткен жылдар дебиторлық берешегінің жағдайы және ағымдағы қаржы жылының бөлігінде ол өтелген жағдайда есепті күнгі осы берешектің қалдығы көрсетіледі.

Ағымдағы жылдың берешегі – ағымдағы жылы туындаған және есепті күні қалыптасқан мемлекеттік мекемелердің берешегі.

Кредиторлық және дебиторлық берешек туралы есептер есепті күнгі талдамалық есептің деректеріне негізделеді.

ДБ-Б және КБ-Б нысандары бойынша есептерге бюджеттен бір деңгейінен екіншісіне берілетін бюджеттік кредиттер сомасы мен трансферттер енгізілмейді, сондай-ақ бағалау және кепілдік міндеттемелері, сыртқы қарыздар бойынша алынған қаржылық міндеттемелері жөніндегі берешек және пайдаланылмаған

демалыстары бойынша қызметкерлер алдындағы берешекке енгізілмейді.

Есептер кіші бағдарлама, бағдарлама, мемлекеттік мекеме, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша аралық қорытындыларды қамтуы тиіс.

Есептегі барлық құндық көрсеткіштер мың теңгеде көрсетіледі. Есеп көрсеткішінің бөлшек бөлігі бір ондық мәнге дейін дәлдікпен көрсетіледі және бүтін бөлігінен үтірмен бөлінеді.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2013 № 267 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2013 № 520 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

77. Нысандардың мекен жай бөлігі мынадай түрде толтырылады:

"Бюджеттің түрі" деректемесі – бюджеттің түрі көрсетіледі, одан бюджеттік бағдарламалардың әкімшісін немесе мемлекеттік мекемені қаржыландыру жүзеге асырылады;

«Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері» деректемесі - Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы шығыстарының сыныптамасына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы және коды көрсетіледі;

«Мемлекеттік мекеме» деректемесі - Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер анықтамалығына сәйкес мемлекеттік мекеменің атауы мен оның коды көрсетіледі.

«Мерзімділік» деректемес - бюджеттік есептілікті тапсыру кезеңі көрсетіледі.

«Өлшем бірлігі» деректемесі - мемлекеттік мекемелердің және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің есептерінде мың теңге.

Ескерту. 77-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.29 № 387 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 10.06.2013 № 267 (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

78. Осы Ережемен кредиторлық берешек туралы есеп берудің мынадай нысандары белгіленеді:

КБ-Б (осы Ережеге 25-қосымша) ол бойынша бюджет қаражаты есебінен пайда болған мемлекеттік мекеме және бюджеттік бағдарлама әкімшісінің кредиторлық берешегі туралы есеп жасалады;

КБ-Ө (осы Ережеге 26-қосымша) өзге да қаражаттар есебінен ол бойынша мемлекеттік мекеменің және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің кредиторлық берешегі туралы есеп жасалады.

Ескерту. 78-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2013 № 267 (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін

қолданысқа

енгізіледі)

бұйрығымен.

79. КБ-Б-нысан бойынша кредиторлық берешек туралы есеп келесі түрде
т о л т ы р ы л а д ы :

1-4-бағандарында бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамасының кодтары – функционалдық топ, бағдарлама, кіші бағдарлама, ерекшелік толтырылады;

5-бағанда 1-4-бағандардағы кодтарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес бюджет шығыстары кодтарының атауы көрсетіледі;

6-бағанда ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспары көрсетіледі;

7-бағанда ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарына арналған жағдай бойынша өткен жылдардың кредиторлық берешегі көрсетіледі. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы жылдық есепті тапсырған сәттен бастап 7-бағанда көрсетілген кредиторлық берешектің сомасы ағымдағы қаржы жылының ішінде
ө з г е р м е у і т и і с ;

8-бағанда ағымдағы қаржы жылы берешек бөлігін өтегеннен кейін өткен жылдардың кредиторлық берешегінің қалдығы көрсетіледі;

9-бағанда ағымдағы қаржы жылы пайда болған кредиторлық берешектің
с о м а с ы к ө р с е т і л е д і ;

10-бағанда есепті күнге қалыптасқан жалпы кредиторлық берешек көрсетіледі (8 және 9-бағандардың сомасы);

11-бағанда төлеу мерзімі басталмаған міндеттемелер бойынша берешектің
с о м а с ы к ө р с е т і л е д і ;

